

ГАЗ ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ МАРКЕТИНГ

Газ тасымалдау мен маркетингіне қатысты негізгі даму стратегиясы Қытайға газ экспортын ұлғайту, оларды ішкі және халықаралық нарықтарда өткізу үшін қосылған құны жоғары газды өңдеу, ішкі нарықта газды ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету, сондай-ақ транзиттік әлеуетті дамыту болып табылады.

Тұтынушыларды сенімді және тиімді қамтамасыз ету және газ өткізу нарықтарын әртараптандыру Компания қызметінің басым бағыттарының қатарына кіреді. Газ көлік инфрақұрылымының өткізу қабілеті елдегі газ өндірісінің әлеуетті өсуіне сәйкес дамыған. Газ тасымалдау жүйесіне уақытылы инвестициялар салу нәтижесінде ҚМГ ел өңірлерін табиғи газбен қамтамасыз етеді және экспорттық бағыттардың әлеуетін арттырады. ҚМГ газ тасымалдау жүйесін басқаруды оның "ҚазТрансГаз"АҚ 100% еншілес ұйымы жүзеге асырады.

ГАЗ ҚҰБЫРЫ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ

"ҚазТрансГаз" АҚ (ҚТГ) Қазақстан Республикасының газ және газбен жабдықтау саласындағы ұлттық оператор болып табылады. ҚТГ тауарлық газды магистральдық газ құбырлары мен газ тарату желілері арқылы тасымалдау жөніндегі орталықтандырылған инфрақұрылымды басқарады, халықаралық транзитті қамтамасыз етеді және ішкі және сыртқы нарықтарда газ сатумен айналысады, газ құбырлары мен газ қоймаларын әзірлейді, қаржыландырады, салады және пайдаланады.

ҚТГ Қазақстандағы жалпы ұзындығы 20 мың км ірі магистральдық газ құбырлары желісін, оның ішінде 1,9 мың км газ құбырлары мен ұзындығы 56 мың км-ден астам газ тарату желілерін пайдалануды жүзеге асырады. Газ тасымалдау 42 компрессорлық станциямен және 238 газ айдау агрегаттарымен қамтамасыз етіледі.

"Интергаз Орталық Азия" АҚ (ИОА) магистральдық газ құбыры жөніндегі ұлттық оператор және ҚТГ-нің 100% еншілес кәсіпорны болып табылады.

Бүгінгі таңда ИОА жалпы ұзындығы 12 481 км және қуаты жылына 164 млрд м3 болатын магистральдық газ құбырлары арқылы Қазақстан

аумағы арқылы табиғи газды экспорттауды, ішкі тасымалдауды және транзиттеуді жүзеге асырады.

ИОА үш ЖГҚ-ны пайдаланады:

- ◆ Ақтөбе облысындағы Бозой ЖГҚ;
- ◆ Оңтүстік Қазақстан облысындағы Полторацкое ЖГҚ;
- ◆ Жамбыл облысындағы Ақыртөбе ЖГҚ.

"Азия газ құбыры" ЖШС (АГК) "ҚазТрансГаз" АҚ пен Trans-Asia Gas Pipeline Company Ltd. тепе-тең бірлескен кәсіпорны болып табылады (акционер – CNODC компаниясы, CNPC еншілес кәсіпорны). Бірлескен кәсіпорын "Қазақстан-Қытай" газ құбырын қаржыландыру, салу және пайдалану мақсатында құрылды. Жобаның мақсаты – түрікмен және өзбек газының ҚХР бағытындағы транзитін қамтамасыз ету, қазақстандық газдың ҚХР-ға экспортын жүзеге асыру, сондай-ақ Қазақстанның оңтүстік өңірлерін газбен үздіксіз қамтамасыз ету. Газ құбыры үш тармақтан тұрады: "А", "Б" — жалпы ұзындығы 2 612 км және қуаты жылына 30 млрд м3, "С" — ұзындығы 1 304 км және қуаты жылына 25 млрд м3.

"Бейнеу-Шымкент газ құбыры" ЖШС (БШГ) "ҚазТрансГаз" АҚ пен Trans-Asia Gas Pipeline Company Ltd компаниясының тепе-тең бірлескен кәсіпорны болып табылады (акционер – CNODC компаниясы, CNPC еншілес кәсіпорны). Жобаның Қазақстан үшін аса маңызды стратегиялық мәні бар, ол Қазақстан Республикасының оңтүстік өңірлерін табиғи газбен қамтамасыз етеді, қазақстандық газдың экспорттық жеткізілімдерін әртараптандыруға мүмкіндік береді, Қазақстан Республикасының энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, бірыңғай газ тасымалдау жүйесін құрады.

Басқарушы компания	«Интергаз Орталық Азия» АҚ (ИОА)	«Азия газ құбыры» ЖШС (АГК)	«Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС (БШГ)	АО «ҚазТрансГаз Аймак» (КТГА)
ҚМГ үлесі	ҚТГ: 100%	ҚТГ: 50%	ҚТГ: 50%	ҚТГ: 100%
Негізгі бағыттар	Экспорт, ішкі нарық және транзит	Қытайға экспорт және транзит, ішкі нарық	Қытайға экспорт, ішкі нарық	Ішкі нарыққа магистральдық тасымалдау (МТ), газ тарату жүйелері бойынша тасымалдау (РС)
Негізгі маршруттар	Қазақстан, Ресей, Өзбекстан мен Түрікменстан	Қазақстан-Қытай	Бейнеу-Бозой-Шымкент	н/п
Жалпы ұзындық, км	12 481	3 916	1 450	56 058 — РС 975 — МТ
Қуат, жылына млрд м3	164	55	15	3 — МТ

"Азия газ құбыры" ЖШС (АГҚ) "ҚазТрансГаз" АҚ пен Trans-Asia Gas Pipeline Company Ltd. тепе-тең бірлескен кәсіпорны болып табылады (акционер – CNODC компаниясы, CNPC еншілес кәсіпорны). Бірлескен кәсіпорын "Қазақстан-Қытай" газ құбырын қаржыландыру, салу және пайдалану мақсатында құрылды. Жобаның мақсаты – түрікмен және өзбек газының ҚХР бағытындағы транзитін қамтамасыз ету, қазақстандық газдың ҚХР-ға экспортын жүзеге асыру, сондай-ақ Қазақстанның оңтүстік өңірлерін газбен үздіксіз қамтамасыз ету. Газ құбыры үш тармақтан тұрады: "А", "Б" — жалпы ұзындығы 2 612 км және қуаты жылына 30 млрд м3, "С" — ұзындығы 1 304 км және қуаты жылына 25 млрд м3.

Жобаны одан әрі дамыту қуатты 15 млрд м3 дейін арттыруды көздейді. Осы мақсатта төрт компрессорлық станция пайдалануға берілді: Арал, Қорқыт-ата, Түркістан, ІА. Сондай-ақ қазіргі бар №1 "Бозой" компрессорлық станциясын және "Ақбұлақ" пен "Бейнеу"


газ өлшеу станцияларын кеңейту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

"ҚазТрансГаз Аймақ" АҚ (ҚТГА) — бұл барлық газдандырылған он облыста және республикалық маңызы бар үш қалада 57 мың км тарату және магистральдық газ құбырларын пайдаланатын Қазақстан Республикасындағы газбен жабдықтайтын ең ірі компания.

ҚТГА негізгі міндеттері:

- ◆ тауарлық газ жеткізуді ұйымдастыру;
- ◆ газды тарату желілері арқылы тасымалдау;
- ◆ өңірлердегі газ тасымалдау активтерін басқару.

Компания	МГ/газ құбыры	Ұзындығы, км	Қуат, жылына млрд м ³
ИОА	«Союз», Орынбор-Новопсков МГ	1 147	68,4
	Орталық Азия-Орталық МГ	5 306	50,8
	Бұхара-Орал МГ	2 382	31,5
	БГР-ТБА МГ, Газли-Шымкент	2 462	10,2
	Ақшабұлақ-Қызылорда МГ	123	0,4
	«Сарыарқа» МГ	1 061	2,7 ³
АГҚ	Қазақстан-Қытай МГ	3 916	55
БШГ	Бейнеу-Бозой-Шымкент МГ	1 450	15



1. Бұхара газды өңірі – Ташкент-Бишкек-Алматы.

2. "Сарыарқа" МГ ИОА-ға жалға берілді, бірақ акционерлері "Самұрық-Қазына" АҚ (50%) пен "Baiterek Venture Fund" АҚ болып табылатын "АстанаГаз ҚМГ" АҚ-қа тиесілі (50%).

3. Газ құбырының бірінші кезеңі үшін жобалық және іс жүзіндегі қуаты жылына 2,2 млрд м3 құрайды.

ГАЗДЫ МАГИСТРАЛЬДЫҚ ТАСЫМАЛДАУ

Газ тасымалдау көлемі, млн м³

Компания	2018	2019	2020
ИОА (100%)	80 134	72 961	57 753
экспорт	18 873	19 069	12 687
транзит	47 693	40 229	30 788
ішкі нарық	13 568	13 663	14 278
АГҚ (100%)	49 270	45 870	39 776
экспорт	5 484	7 090	7 011
транзит	42 960	38 280	31 878
ішкі нарық	826	500	886
БШГ (100%)	8 352	10 087	12 694
экспорт	5 255	7 091	7 011
ішкі нарық	3 097	2 996	5 682
ҚТГА (100%), ішкі нарық	2 622	2 554	2 603

Газдың жүк айналымының көлемі (тауар-көлік жұмыстары), млн м³ км

Компания	2018	2019	2020
ИОА (100%)	19 543	22 325	16 302
АГҚ (100%)	62 167	57 470	49 337
БШГ (100%)	12 146	14 669	17 831

Газдың жүк айналымының көлемі (тауар-көлік жұмыстары), млн м³ км


Компания	2018	2019	2020
ИОА (100%)	19 543	22 325	16 302
АГҚ (50%)	31 084	28 735	24 669
БШГ (50%)	6 073	7 334	8 915

ҚМГ үлесіне газ тасымалдау көлемі, млн м³

Газды магистральдық тасымалдау, барлығы	2018	2019	2020
ИЦА (100%)	80 134	72 961	57 753
АГП (50%)	24 635	22 935	19 888
ГБШ (50%)	4 176	5 044	6 347
КТГА (100%)	2 622	2 554	2 603
ЖИЫНЫ	111 567	103 494	86 590

2020 жылы ҚМГ магистральдық газ құбырлары бойынша газ тасымалдау көлемі 16 904 млн м³ төмендеді және 86 590 млн м³ құрады. Төмендеу негізінен Қытайға ортаазиялық газдың транзиттік көлемінің азаюымен, Қазақстан Республикасының аумағы арқылы "Газпром" АКК ресейлік газының транзиттік ағындарының қысқаруымен, Ресейге Қарашығанақ газының экспорттық жеткізілімдерінің азаюымен және оны өндірудің қысқаруы себебінен Теңіз газының экспорт көлемінің төмендеуімен байланысты.

2020 жылғы бағыттар бойынша газ тасымалдау құрылымы, %



ГАЗ ТАРАТУ ЖӘНЕ ӨҢІРЛЕРДІ ГАЗДАНДЫРУ

Қазақстанның газ тарату және өңірлерді газдандыру желісін дамыту

«Сарыарқа» магистральдық газ құбырын салу

2020 жылғы маусым-желтоқсанда "Сарыарқа" МГ (ұзындығы 482,8 км Нұр-Сұлтан-Көкшетау-Петропавл учаскесі) құрылысының екінші және үшінші кезеңдерін іске асыруға дайындық шеңберінде техникалық-экономикалық негіздемеге түзету жүргізілді, оның қорытындысы бойынша "Сарыарқа" газ құбырының ең жоғары өнімділігі 3,6-дан 4,5 млрд м³ дейін өсті. "Сарыарқа" МГҚ Қазақстанның Орталық өңірлері мен астанасына тұрақты газ жеткізуді қамтамасыз етеді, бұл мультипликативтік экономикалық әсерге әкеледі және елдегі экологиялық жағдайды айтарлықтай жақсартады деп күтілуде.

«Жезқазған», «Қарағанды», «Теміртау», «Астана-1» және «Астана-2» АГТС қоса алғанда, "Сарыарқа" МГ құрылысының бірінші кезеңінің объектілері (ұзындығы 1060,6 км Қызылорда-Жезқазған-Қарағанды-Теміртау-Нұр-Сұлтан учаскесі) 2019 жылғы желтоқсанда пайдалануға берілді және акционерлері "Самұрық-Қазына" АҚ (50%) және Baiterek Venture Fund АҚ болып табылатын "АстанаГаз ҚМГ" АҚ-қа (50%) тиесілі. 2020 жылғы ақпанда "Сарыарқа" МГҚ магистральдық газ құбыры жөніндегі ұлттық оператор "Интергаз Орталық Азия" АҚ-қа жалға берілді.

Нұр-Сұлтан қаласында (Интернациональный, Мичурино және Күйгенжар тұрғын массивтері) екінші кезектегі бірінші және екінші іске қосу кешендерінің газ тарату желілерін салу)

Жобалау және құрылыс жөніндегі кешенді жұмыстарға шарт бойынша екінші кезектегі бірінші және екінші іске қосу кешендері бойынша жобалау-іздестіру жұмыстары жүргізілуде. Бірінші іске қосу кешені шеңберінде АГТС-2-ден "Шығыс" бас газ тарату пунктіне (БГТП) және "Оңтүстік-Шығыс" БГТП газ беру қамтамасыз етіледі; екінші іске қосу кешені шеңберінде "Шығыс" МГРП-дан Интернациональный, Мичурино, Күйгенжар тұрғын аудандарына және қазандықтарға газ беру қамтамасыз етіледі. Құрылыс-монтаж жұмыстарын қоса алғанда, барлық жұмыстарды 2021 жылғы 31 тамызға дейін аяқтау жоспарлануда.

Жамбыл облысы Қордай ауданының бес елді мекеніне (Масанчи, Қаракемер, Сортөбе, Бұлар батыр, Ауқатты) жеткізуші газ құбырын салу

2020 жылы Жамбыл облысы Қордай ауданының бес елді мекеніне (Масанчи, Қаракемер, Сортөбе, Бұлар батыр, Ауқатты) жалпы ұзындығы 42 км жоғары және орта қысымды газ құбырының құрылысы аяқталды.

Жобаны іске асыру 62 мыңнан астам адам тұратын 10 елді мекенді, 7 177 тұрғын үйді, 29 әлеуметтік сала объектісін, 243 шағын және орта кәсіпкерлік объектісін табиғи газбен қамтамасыз етті. Болашақта тағы жеті елді мекенді газдандыру мүмкіндігі бар.

ГАЗ МАРКЕТИНГІ

ҚТГ газ және газбен жабдықтау саласындағы ұлттық оператор ретінде мемлекеттің жер қойнауын пайдаланушылардан/жеткізушілерден шикі және (немесе) тауарлық газды сатып алуға басым құқығын жүзеге асырады.

Заңнамаға сәйкес жер қойнауын пайдаланушылар шикі және (немесе) тауарлық газдың көлемін, бағасын және жеткізу пунктін көрсете отырып, ұлттық операторға коммерциялық ұсыныс жібереді. Ұлттық оператор мемлекеттің басым құқығын іске асыру немесе одан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Газ ресурстары, млн м³

Көрсеткіш	2018	2019	2020
Газды сатып алу көлемдері	23 297	24 200	23 313
Қазақстандық жер қойнауын пайдаланушылар/жеткізушілер	17 209	16 435	19 879
ҚМГ қатысуы бар компаниялар	10 195	9 537	14 113
Үшінші тараптар	7 014	6 898	5 766
Газ импорты	6 088	7 765	3 434
Ресей	3 216	5 054	3 434
Өзбекстан	2 872	2 710	0

Қазіргі уақытта ұлттық оператор ҚМГ-нің қатысу үлесі бар келесі компаниялардан газ сатып алуға қатысты мемлекеттің басым құқығын іске асырады:

- ◆ "Ембімұнайгаз" АҚ (100%);
- ◆ "Қазгермұнай" БК " ЖШС (50%);
- ◆ "Қазақойл Ақтөбе" ЖШС (50%);
- ◆ "Қазақтүрікмұнай" ЖШС (100%);
- ◆ "ҚазМұнайТеңіз" ЖШС (100%).

Аталған компаниялардың газын ішкі нарықта сату жүзеге асырылады.

Қатысу үлестері ҚМГ-ге тиесілі және оларға қатысты газ сатып алу бойынша мемлекеттің басым құқығы іске асырылмайтын компаниялар:

- ◆ Амангелді Газ" ЖШС (100%);
- ◆ "ҚазГӨЗ" ЖШС (100%);
- ◆ "Теңізшевройл" ЖШС (20%);
- ◆ "Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б. В." (10%);
- ◆ "Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н. В." (8,44%).

Осы компаниялардың газын ішкі нарық пен экспортқа сату жүзеге асырылады.

2020 жылы тауарлық газды өткізу көлемі 0,5%-ке азайып, 22,7 млрд м³ құрады. Бұл негізінен Ресейге және Өзбекстанға тауарлық газ экспортының қысқаруына байланысты болып отыр. Экспортқа 7,9 млрд м³ газ жіберілді, оның шамамен 89%-ті ҚХР-ға экспортталды.

ҚТГ тауарлық газын сату, млн м³

Көрсеткіш	2018	2019	2020
Экспорт	8 917	8 806	7 852
Ресей	2 350	1 000	560
Қырғызстан	275	264	281
Өзбекстан	807	452	0
ҚХР	5 484	7 091	7 011
Ішкі нарық	13 999	14 028	14 811
Барлығы	22 915	22 834	22 663